

«Аяла» санаторлық бәбекожайы КММ-сі

«Қарлығаш» ересек тобы

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Менің Отаным Қазақстан»

Тәрбиеші: Джулдасбекова Л.

Ақсүкент 2024-2025 оқу жылы

«Менің Отаным Қазақстан!»

Балалар зал мұзыка әуенімен кіреді. Қолдарына жалауша ұстап шығады.
Би қимылдарын орындаиды.

Жүргізуши: - Құрметті кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай
балабақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні Ұлттық
мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт,
дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Жүргізуши: Көк туым көтерілді бағым жанып,

Елтаңbam құллі әлемге танылды анық.

Шырқадым әнұранды бар дауыспен,

Арманым-Ата заңым қабылданды.

Қ.Р Әнұраны орындалады.

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау
қасиетті мекенде, асқақтаған, өлкеде кеңшілігі керемет дархан
дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі
өркендереген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындағы сүйіп,
оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия Президентіміз
Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы
тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Жүргізуши: Біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: Қазақстан

Жүргізуши: Біз қай тілде сөйлейміз?

Балалар: Қазақ тілінде.

Жүргізуши: Қ.Р Президенті кім?

Балалар: Қасым Жомарт Тоқаев .

Жүргізуши: Біздің мемлекетіміздің астанасы қай қала?

Балалар: Астана қаласы.

Жүргізуши: балалар кәне маған Республика күніне кім тақпақ айтып
береді.

Айкөркем: Республикам-мақтанышым

Республикам- гүл елім ,

Қуанышым тірегім .

Бірлігіміз жарасқан

Мәңгі болсын, тірігім!

Осман: Қазақстан байтақ ел
Тау толы бар асқар бел
Кең жайлауы, жазира .
Мақтанышым өзінде!

Айтөре : Мен бақытты баламын
Айтқан тілді аламыз
Республика күнінде.
Жұлдыз болып жанамын.

Айша : Республика күні
Бүгінгі күн- мереке,
Қуанады ел- жұрт бәрі.
Тәуелсіздік таңында,
Келді бақыт баршаға!

Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»

Ойынның шарты: Балалар республика күніне берілген тудын, елтаңба және тағы басқа суреттерді табады.

Би: Балалардың билері.

Дидактикалық ойын: «Кім жылдам »

Ойынның шарты: Балаларды үш топқа бөлеміз . Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Ең жылдам және дұрыс орындаған топ жеңімпаз атанады.

